



## "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 қараша N 1738

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы  
Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000\_ 82-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесін, құрылу тәртібі мен жұмысының ұйымдастырылуын айқындайды.

1-бап. Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің  
мәртебесі мен қызметінің құқықтық негізі

1. Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес қызметінің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының сот жүйесін айқындайтын Конституциялық заң, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

## 2-бап. Кеңестің өкілеттіктері

### 1. Кеңес:

1) судьялардың тәуелсіздігі мен оларға тиіспеушілік кепілдіктерін қамтамасыз етеді ;

2) Қазақстан Республикасының Президентіне Парламент Сенатының сайлауына ұсыну үшін Жоғарғы Сот Төрағасының, Жоғарғы Сот алқасы төрағасының лауазымына үміткерді ұсынады .

Парламент Сенатының сайлауына ұсыну үшін Жоғарғы Сот судьясының лауазымына үміткерді конкурстық негізде іріктеуді жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

3) облыстық және оларға теңестірілген соттың төрағасы мен сот алқалары төрағаларының лауазымдарына тағайындалатын үміткерлерді Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

4) облыстық және оларға теңестірілген сот судьяларының лауазымдарына үміткерлерді конкурстық негізде іріктеуді жүзеге асырады және оларды тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне ұсынады;

5) Жоғарғы Сот Төрағасын, Жоғарғы Сот сот алқаларының төрағалары мен судьяларын, төрағасын, сот алқаларының төрағалары мен облыстық және оларға теңестірілген соттардың судьяларымен орнынан түсу, орнынан түсуді тоқтату нысанында, өз еркімен, медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша, өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты атқаратын қызметтерінен босату мәселелерін қарайды ;

сот қайта ұйымдастырылған, таратылған, егер судья (соттың төрағасы) басқа соттағы судьяның бос лауазымына орналасуға келісім бермеген жағдайларда, Жоғарғы Сот алқасының төрағасы мен судьяларын, облыстық және оларға теңестірілген соттар төрағасын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын атқаратын қызметтерінен босату мәселелерін қарайды ;

б) сот жүйесі мен заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстармен

Қазақстан Республикасының Президентіне жүгінеді;

7) Республикалық тәртіптік алқаның, Әділет біліктілік алқасының шешімдеріне шағымдарды қарайды;

8) Республикалық тәртіптік алқа мен Әділет біліктілік алқасының шешімдеріне шағымдану мерзімін қалпына келтіру туралы судьялардың өтініштерін қарайды;

9) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Регламентін бекітеді;

10) осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден туындайтын өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### 3-бап. Кеңес Төрағасы

1. Кеңес Төрағасын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

2. Кеңес Төрағасы:

1) Кеңесті басқарады және жалпы басшылықты қамтамасыз етеді;

2) Кеңестің отырыстарында төрағалық етеді. Ол болмаған жағдайда оның міндеттерін уақытша атқару Кеңестің Хатшысына жүктеледі. Хатшы болмаған жағдайда Төрағаның міндеттерін атқару оның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі;

3) Кеңестің ұсынымдарына, қорытындылары мен шешімдеріне қол қояды;

4) Кеңестің алдағы отырысының қарауына енгізілетін мәселелерді айқындайды, келіп түскен материалдарды зерделейді, қажет болса қосымша құжаттарды талап етіп алдырады және оларды тексеруді ұйымдастырады;

5) Кеңес жұмысын ұйымдастыруды жақсартуға бағытталған шаралар қабылдайды, Кеңес шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

6) заңнамамен көзделген өзге де ұйымдық-басқару функцияларын орындайды.

### 4 - б а п .                    К е ң е с                    Х а т ш ы с ы

Кеңес Хатшысын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

#### 1 .                    К е ң е с                    Х а т ш ы с ы :

1) Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша алдағы отырыстың қарауына шығарылатын мәселелерді қалыптастырады және олар туралы күні бұрын Төрағаға б а я н д а й д ы ;

2) отырыстар хаттамаларынан, Кеңес қабылдаған қорытындылар мен ұсынымдардан үзінді көшірмелерді өз қолымен куәландырады;

3) келіп түскен материалдарды зерделейді, олар туралы Төрағаға баяндайды, оның тапсырмасы бойынша қосымша құжаттарды талап етеді, тексерістер ұйымдастырады;

4) Кеңестің жұмысын жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізеді, Кеңестің жұмысына қажетті жағдайлардың жасалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Кеңес отырысына шақырылатын адамдардың тізімін белгілейді;

6) Төрағаның ұсынымдары мен Кеңестің шешімдерін орындайды.

2. Кеңес Хатшысы болмаған жағдайда оның міндеттерін атқару Төрағаның тапсырмасы бойынша Кеңес мүшелерінің біріне жүктеледі.

### 5-бап. Кеңестің құрамы мен құрылу тәртібі

1. Кеңес Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасынан, Конституциялық Кеңес Төрағасынан, Жоғарғы Сот Төрағасынан, Бас Прокурордан, Әділет министрінен, Парламент Сенатының екі депутатынан, алты судьядан (Жоғарғы Соттың екі судьясынан, облыстық немесе оған теңестірілген соттың екі судьясынан, аудандық немесе оған теңестірілген соттың екі судьясынан) және Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын басқа да тұлғалардан тұрады.

2. Конституциялық Кеңестің Төрағасы, Жоғарғы Соттың Төрағасы, Бас Прокурор мен Әділет министрі лауазымы бойынша Кеңес құрамына кіреді.

3. Парламент Сенаты Сенат депутаттарын Кеңес құрамына үш жыл мерзімге жібереді.

4. Судьялар тиісті соттардың бірлескен отырыстарында ұсынылған кандидаттардың арасынан Жоғарғы Соттың бірлескен отырысында екі жыл мерзімге Кеңес мүшелігіне сайланады.

Кеңес құрамына сайланған судья Жоғарғы Сот судьяларының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Бірлескен отырыстың шешімі бойынша кері шақырылып алынуы мүмкін.

5. Кеңес мүшелері арасынан біреу шығарылған жағдайда Кеңестің жаңа мүшесі кемінде үш ай мерзімнен кешіктірілмей тағайындалуға немесе жіберілуге тиіс.

## 6-бап. Кеңестің отырыстары

1. Кеңес отырыстары қажеттілікке қарай, бірақ кемінде жылына төрт рет өткізіледі. Кеңес мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екісі қатысқан кезде Кеңестің отырысы заңды болып есептеледі.

2. Кеңес отырысының уақыты мен орны туралы оның мүшелері мен шақырылған адамдар алдын ала хабарландырылады.

3. Кеңес отырысын өткізу тәртібі, сондай-ақ Кеңес жұмысын ұйымдастырудың өзге де мәселелері Кеңес мүшелерінің жай көпшілігі қабылдаған Регламентпен айқындалады.

## 7-бап. Материалдарды қарау тәртібі

1. Кеңес отырысында материалдарды қарау осы Заңның 5-бабында көрсетілген лауазымдарды иеленуге үміткер адамдардың қатысуымен өткізіледі.

2. Отырысты өткізу уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген адамның қатыспауы, егер оның тікелей қатысуы талап етілмеген болса, негізгі мәселені қарау үшін кедергі болып табылмайды.

3. Қажет жағдайларда Кеңес жабық отырыстарды өткізуге хақылы.

## 8-бап. Шешімдер қабылдау тәртібі

1. Қаралып отырған мәселелер бойынша Кеңес ашық дауыс беру жолымен жай көпшілік дауыспен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең бөлінген жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.
2. Кеңес мүшелері дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес.
3. Қабылданатын шешіммен келіспеген жағдайда Кеңес мүшесі өзінің айрықша пікірін білдіруге құқылы.
4. Кеңес мүшесі егер ол соған қатысты шешім қабылданатын адамның туысқаны болса, Кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселені қарауға қатысуға құқылы емес.

9-бап. Жоғары Сот Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету

Кеңес қызметін қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.  
Қасымбеков Б.А.